

Ж. НАТБАЕВ

## ОРАЛ

“Өнерлердің ішіндегі ең ұлысы – живопись. Өзін шын мәнісінде игерген адамға табиғатқа қожалық ету билігін береді”.

Леонардо да Винчи

Суретшінің тарихи мәнділігінің рөлі оның өнердегі тың жаңалықтарымен, оның ерекше дербестігімен ұлттық мектептің жаңа келбетін дамытуға қосқан үлесімен айқындалады.

XX ғ. ұлы суретші Орал Таңсықбаев ұлттық пейзаждың дамуын белгіледі, ал өмірінің соңғы жылдарында шығармашылығы сол кездегі Орта Азия бейнелеу өнерімен тығыз байланыста болып, сабақтастығын қалпына келтірді. Жылдар өте келе қылқалам шеберінің тарихи мәнділігі жаңа мағынада толықтырылып, оның полотноларындағы орасан эстетикалық ықпалы көрермендерге ерекше әсер етті.

Таңсықбаев шығармашылығын Орта Азияда көркемсурет ұлттық мектебі жаңадан қалыптасқан жылдары бастаған. Ерте кездегі туындыларының өзінде, бұрын өңірде өнердің еуропалық формасынан хабардар болмаған кезде бейнелеу өнерінің негізгі проблемаларын көрсете білді.

Ең бастысы, XIX ғ. соңында – XX ғ. басында Таңсықбаевты қызықтырғаны еуропалық бағыттар – постимпрессионизм, кубизм, неопримитивизм болды және де олардың ізденістеріне сәйкес келуі – бұл проблемасын, құрылымдық форманы түсінуі. Осы уақытта О. Таңсықбаевтың “Көш”, “Туған ауылда” туындыларында, гуашпен салған суреттер сериясында сол уақыттағы ізденістерін айқын көрсетеді. Қылқалам шеберінің одан әрі өрістеуі – пейзаждық картиналарында табиғаттың терең мағыналы бейнесін іздестіруі.

Оның кескіндемелік шеберлігі, кемелденуі, түстердің сәндемелік қасиетіне әуестенуі, бейнелеудегі өндестік әзірленімі соғыстан кейінгі шығармашылығындағы өзіндік ерекшелік болып саналады. Композициялық алуан түрлілік, кенепте кеңістікті жинақтауға ерекше ықыласы суретшінің 60–70 жж. пейзаждарында байқалады. Осы жылдары ол өнер үрдісінде әсіресе табиғаттың монументалдық бейнесін айрықша көрсетеді. Ол пейзаждарында жалпы табиғатты ғана емес, өзінің түлеген өлкесін бейнелеп, терең мағынасын толықтырған. Орал Таңсықбаевтың пейзаждық өнеріндегі дәстүрі

белгілі бір сарынның және кескіндемелік амалдардың жиынтығымен шектелмейді. Пейзаждарындағы картиналардың мәнділігін, сол арқылы үнемі ізденісте болатындығын көрсетеді.

Шебер мұрасының ішінде көркем суреттерден басқа монументтік фрескаларға жасалған нобайлары, театрлар, көрме кешендерін рәсімдеу бойынша қолтаңбалары, театр сахнасы мен костюмдер, гуашь, акварель суреттер нобайларының алатын орны ерекше.

Шығармашылық ізденісі, оның жан-жақты сауаттылығы ешкімге ұқсамайтын таланты өз әріптестерін тәнті етті. Ол ақ-қара суретте көп жұмыс істеді. Көмірмен, сепиямен, графит қарындашымен, тушьті пайдалану арқылы қаламұшпен және қылқаламмен жазды. Оның графикалық мұрасының бірегейлігі – “көркемдік” техниканы таңдап алуында, шебер акварель, пастель, әсіресе, түрлі-түсті қарындаштармен салынған суреттер арқылы өз талантын айқын көрсете алды.

Суретшінің шығармашылық принциптерінің, кескіндемедегі тың ізденістері графикаларында зор рол атқарған. Бүкіл өмір бойы арнайы мақсатта әрі табандылықпен сурет салатын суретшілер некен-саяқ. Бір жағынан, мұның өзі пейзажистің жұмыс ерекшелігіне: әрдайым натурамен байланыста болуы. Екіншіден, оның шығармашылық әдістерінің ерекшелігіне, оған тән өзгешелік – оның кескіндемелік жұмыстарында қандай да бір өзгеріс болса да, оның негізінде нақты әсемдік идея жатыр. Сондықтанда Таңсықбаев суреттеріне айрықша мән берген, онда өзінің кескіндемелік ізденістерін сюжеттік және стилистік негізде құрған.

Орал Таңсықбаев шығармашылығының бірегейлігі, ізденгіш қасиеті мен асқан шеберлігі суретшінің 20–30 жж. графикасында да көрініс тапты.

Орал Таңсықбаев соғысқа дейінгі суреттеріне жалпы сипаттама – қатаң архитектуралық формамен берілетін жұмсақ көлемділік, ырғақты қайталанып отыратын пластикалық тақырыпты жасау.

40–50 жж. суретінің шығармашылығындағы

өзгерістерді графикасының эволюцияға ұшырауынан да байқауға болады. Сондықтан көптеген графикалық дүниелері – акварельдер, пастельмен, түрлі-түсті қарындаштармен, гуашьпен салынған.

Орал Таңсықбаевтың графикалық бай мұрасы оның күрделі даму жолын әрі шеберлігінің ғажайып “жемістілігін” аңғартады. Онда суретшінің сол кездегі дүниетанымының динамикалық сезімін, адамдар мен табиғаттың біртұтастығын рәміздейді, әрі оның үйлесімділігін бейнелейді. Осы жылдары түрлі-түсті бормен және шеберкаламмен (фломастермен) салған аква-рельдері, этюдтері оның шеберлігінің жетілу жолдарын, табиғатты зерделеуін, жарық әсемдігін берудегі амалдарын, ғажайып зерделігін, табиғаттың шынайы көрінісін бере алатындығын көрсетеді. Оның этюдтері немесе акварельдері – бұл туған жердің ғажайып әсемдігіне деген суретшінің қызығушылығы, сонымен қоса оның болашақ туындыларын іздестірудегі тынымсыз еңбегі.

Орал Таңсықбаевтың аса бай графикалық мұрасы 30-ж. 70 ж. дейінгі шебердің қиын да бірегей жолын айқын және толық көрсетіп береді. Ол толығымен суретшінің өмірге деген динамикалық жаңаша сезімін, адам мен табиғат бірігуінің үндестігіне ұмтылысын сезінуге мүмкіндік береді.

Орал Таңсықбаев пейзажист ретінде өзінің шығармашылығындағы жылдарындағы маңызды тақырыбы – адамдардың жасампаздық еңбегімен түлеген табиғат. Суретші сол кездегі пейзаждарында табиғат пен адамдар тұтастығының жаңа үйлесімін, оны іске асырудың тың амалдарын таба білді. Таңсықбаев кеңес өнерінде алғашқылардың бірі болып ақиқатты еркін әрі батыл талдап түсіндіріп, онда табиғаттың әсемдігін, өзіндік бейнесін, кескіндемелік тұжырымдамасын таба білді. Ең маңыздысы, сол кездегі адамдар мен табиғат арасындағы үйлесімділігі шығыс суретшілеріне тән дәстүрде құрылған, онда табиғатпен байланыс әрі үйлесімділік өмірдің дүниетанымын қабылдаудың түп негізі болып саналады.

Жыл мезгілін таңдамайтын суретші сурет салуға шыққанда табиғатты ұзақ уақыт тамашалайтын. Ұзақ егжей-тегжейлі зерттеудің, тамашалаудан соң болашақ туындының нобайын сызатын. Әлемге әйгілі “Қайраққұм ГЭСі таңы” (1957) туындысын жазарда Орал Таңсықбаев екі күн тамашалады, тек үшінші күні кішкене нобай жасап Ташкентке ұстаханасына қайтады. Көп уақыт өтпей суретшінің ұлы туындысын көріп, сол жолы бірге шыққан суретші жолдастары оның өнеріне және бір тәнті болған еді.

Суретшінің бояуларының сиқырлығы, табиғат сырын аша білуі көрерменді өзіне тарта білді. Суретші өнерінде орыс классик бейнелеуі терең, қайтадан жаңаша пайда болды және дамыды.

Барбизон мектебі және XIX ғасыр орыс пейзаж жанры суретшілерінің туындыларынан үйренетін О. Таңсықбаев бұл шығармалардан табиғаттың әсемдігін, әсерлік күшін және ерекшеліктерін түсініп, мәнісіне жетті.

Шығармашылық ғұмырының кей аралықтарында суретші өз үсілі монументалдықтан кейде себепсіз шегініс жасап өнерінде шығармашылығы едәуір қиыншылықтар көрді. Десек те барлық уақыт қашанда өз жазу үсілін жоғалтпаған және салмақты үлкен тақырыптарды көтерді. Егер бұл дәуірде салған эскиздерінің барлығын іске асырғанда, бізге қалдырған асыл мұралары көп болар еді. Осы еңбектерінің арқасында Таңсықбаев 60-жж. басында жазылған “Ыстықкөл ақшамы” (1951), бейнелеу өнерінің ұлы туындысы дүниеге келді.

Панорамалық пейзаждарды салуға көшкен ол көбінесе жалпы кеңістіктің бейнесін беруге тырысады. Орал Таңсықбаев өз шығармашылығында жаңа кезеңдерді өткізді, ол өзбектің пейзаждық кескіндемелерінің ең маңыздыларын жаңартуды, пленерлік этюдтерден тыс, пейзаж-картиналарды жасауды ойластырды.

“Тақиатас” (1951), “Сырдария” (1955), “Тауда” (1955), “Таудағы таң” (1955) туындылары жетістіктер мен көп ізденістердің жемісі еді.

Суретші одан кейінгі жұмыстарында сол кездегі дүниетану жөніндегі түсініктерінде адам мен табиғаттың бірлестігін бейнелейтін суреттерге көбірек назар аударатыны аңғарылады. “Қайраққұм ГЭСіндегі таң” (1957) таңдаулы пейзажымен ерекшеленеді, онда идеологиялық тапсырысты емес, жалпы адамзаттық мұратты айқындауға ұмтылады.

“Өзбекстандағы март” (1958) шығармасында монументал дастан әуенділігі анық тереңдеді. Бұл туынды соғыстан кейінгі суретші өнерінің бұрылыс дәуірін бастап берді десек болады. Бұл туындының ерекшелігі өте алқымды, кеңістікті таза анық реңдермен көктемгі көріністі, салқын таза ауаны көрсете білді. Әрбір реңді бозғылт, ақ реңді қосу арқылы шығаруы кешкі салқын көктемгі ауаны бере отырып, кешкі күн нұрына шағылысқан тау шыңын ыстықпен бойы қыза қоймаған жер байланысын нәзік те анық таба білген. Су бетіндегі шағылысқан тау шыңының сәулесі өзіне тартар бір әдемі леп көкіректі кере дем алуға мәжбүр етеді. Алдыңғы пландағы жасыл рең мен тоқ қызыл-қоңыр реңі бай-

ланысының ашықтан көлеңкеге кіріп кетуі көктемгі салқын самалды, жанға жайлы жылылықты берген.

60–70-жж. суретші біршама еркін кескіндемелерді, монументтік жинақылықты, колористікті жете үйлестіруді ойластырған туындыларын жасады. “Ангрен-Қоқанд тау жолы”, “Памирдегі Қаракөл көлі”, “Белесте. Қырғыз”, “Алтай алқабы”, “Пяндж кеші” полотноларында табиғат көрінісінің романтикасы, таңқаларлық көркі мен салтанаты, сондай ақ мәнерлеудегі қарапайымдылығы аңғарылады.

КСРО және Өзбекстан КСР халық суретшісі; КСРО Суретшілер академиясының толық мүшесі Орал ағамыздың өнерін бағалап 1934 жылы АҚШ-тың Филадельфия қаласындағы көрмеде шығармасын Гоген, Матистермен тең санап, “Реңнің атасы” деп лақап таққан болатын. 1958 жылы дүниежүзілік көрмеде Брюссельде “Қайраққұм ГЭС-індегі таң” туындысына күміс медаль берді.

Өз өнерімен әлемді мойындатқан О.Таңсық-

баев “адам кемеңгерінің асқақ көрінісі, өнер аталының ең биігіне” шыққан ұлы суретші болатын.

“Көз табиғаттан асып түсті” деп әлемге жар салған Леонардо Орал шығармашылығына берген бағадай. Табиғатқа қожалық ету билігіне еге ұлы кандасымыз өнерге былай баға береді:

“Искусство – настоящее, большое искусство – глубже, значительнее личного настроения художника”.